

Өндіріс және Приишимка ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Новочеркасск ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 1 шешімі. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 шілдеде № 1-6-127 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, халқының пікірін ескере отырып, Новочеркасск ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақмола облысы Астрахан ауданы Новочеркасск ауылдық округі әкімінің 12.05.2017 № 2 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Өндіріс және Приишимка ауылдарының көшелеріне атау берілсін:

Өндіріс ауылына - Қабдірахман Әділбаев атындағы атауы;

Приишимка ауылына - Бейбітшілік атауы.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Астрахан ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Новочеркасск ауылдық
округінің әкімі

Ж.Орман

"КЕЛІСІЛДІ"

Астрахан ауданының
"Мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы

М.Сексенбаев

Астрахан ауданының
"Сәулет және қала
құрылысы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы

Н.Герасимова